

МРНТИ 15.41.31

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.22>

Кошжанова Г.А.¹, С.Т.Тлеубай¹, Қазақбаева Г. Ы¹.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АРНАЙЫ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада арнайы маманның әлеуметтік рөлінің мән-мағынасы мен теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, педагогикалық-психологиялық аспектілері қарастырылды. Қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесінің өзекті бағыттарының бірі болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру процесі болып табылады. Арнайы педагог - әрдайым дерлік ерекше жан-жақты, белсенді, жігерлі, өз қызметінің сәтті нәтижесіне сенімді, мейірімді тұлға. Ол мүмкіндіктері шектеулі адамның рөлін адамгершілік бағалаумен сипатталады. Арнайы педагог маманның кәсіби дүниетанымы әлеуметтік және рухани әлемде болып жатқан және қоғам өміріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың орны мен рөліне әсер ететін процестерді түсіну мен оларды жеке бағалаудың нәтижесі болып табылады. Кәсіби маманның оның педагогикалық ықпал етуі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың қоғамға қалыпты ортаға бейімделуіне тікелей әсер етуші белсенді тұлға ретінде көрінеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік рөл, арнайы педагог, кәсіби функциялар, коммуникативтік сапалар, позиция.

Кошжанова Г.А.¹, С.Т.Тлеубай¹, Г. И.Казахбаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ СПЕЦИАЛИСТА СПЕЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА

Аннотация

В статье определяются сущность и теоретико-методологические основы социальной роли специалиста, рассматриваются педагогические и психологические аспекты. В настоящее время одним из наиболее актуальных направлений теории и практики высшего педагогического образования является процесс формирования профессионально значимых качеств будущих специалистов. Специальный педагог-это почти всегда чрезвычайно разносторонний, активный, энергичный человек, уверенный в успешном исходе своей деятельности, доброжелательный. Она характеризуется нравственной оценкой роли человека с ограниченными возможностями. Профессиональное мировоззрение специального педагога-это результат понимания и личностной оценки процессов, происходящих в социальном и духовном мире и влияющих на место и роль людей с особыми образовательными потребностями в жизни общества. Педагогическое воздействие профессионала на него проявляется как активная личность, непосредственно влияющая на адаптацию людей с особыми образовательными потребностями к нормальной среде в обществе. Незаменимыми и профессионально важными качествами педагога-дефектолога являются выносливость, выносливость.

Ключевые слова: социальная роль, специальный педагог, профессиональные функции, коммуникативные качества, позиция.

*Koshjanova G.A.¹, S.T.Tleubay¹, G. I.Kazakhbayeva¹
Kaznpu named after Abai, Almaty, Kazakhstan.*

SOCIAL ROLE OF A SPECIAL TEACHER

Abstract

The article defines the essence and theoretical and methodological foundations of the social role of a specialist, considers pedagogical and psychological aspects. Currently, one of the most relevant areas of theory and practice of higher pedagogical education is the process of forming professionally significant qualities of future specialists. A special teacher is almost always an extremely versatile, active, energetic person, confident in the successful outcome of their activities, friendly. It is characterized by a moral assessment of the role of a person with disabilities. The professional worldview of a special teacher is the result of understanding and personal assessment of processes occurring in the social and spiritual world and affecting the place and role of people with special educational needs in the life of society. The pedagogical influence of a professional on him is manifested as an active person who directly affects the adaptation of people with special educational needs to a normal environment in society. Indispensable and professionally important qualities of a defecologist teacher are endurance, endurance. The results of his professional activity are often delayed over time, and only faith in the favorable outcome of his work gives him strength and inspiration for further work.

Key words: *social role, special peagogue, professional functions, communicative qualities, position.*

Кіріспе

Арнайы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі жүйесінде негізделген педагогтың жеке қасиеттеріне көп көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда арнайыбілім беру жүйесінде тұлғаның қоғамдық өмірде бейімделуі, өз-өзіне қызмет ете білуі, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, арнайы мектеп педагогының жеке басының мүмкіндіктерін, оның кәсіби өзін-өзі тануын дамыту ерекше маңызды болып табылады. Арнайы педагог маман жан-жақты кәсіби құзыреттілігі қалыптақан, жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген білікті маман ретінде тұлға.

Педагогтың кәсіби қызметіне әр түрлі көзқарастар қажетті тұлғалық және кәсіби қасиеттерді анықтау мен мазмұндаудың әр түрлі тәсілдеріне негізделеді. Бірінші жағдайда кәсіби маңызды қасиеттер деп педагог өзінің кәсіби функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылар жиынтығы түсіндіріледі. Арнайы педагогтың психологиялық портреті келесі құрылымдық компоненттерге ие: адамның даралық сапалары, яғни оның индивид ретіндегі ерекшеліктері – темперамент, нышандар, оның тұлғалық сапалары, яғни, оның тұлға ретіндегі бейнеленуі – адамның әлеуметтік мәні, коммуникативтік сапалар, мәртебелік–позициялық, яғни оның ұжымдағы жағдайының, рөлінің, қатынастарының ерекшеліктері; іс-әрекеттік (кәсіби-пәндік), сыртқы мінез-құлықтық көрсеткіштер. Сонымен қатар арнайы педагог маманның психологиялық ерекшеліктері ерекше орында себебі ол ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тікеле жұмыс жасайды. Аталған компоненттер жиыны мен тіркесімдердің ерекшеліктері оқытудың әр сатысы үшін, соның ішінде педагог дефектологтың оқыту мен тәрбие берудегі психологиялық портретін анықтайды[1]. Яғни педагогтың кәсіби құзыретті қасиеттерге ие болу, ақпараттық, қарым-қатынас, жаңа ақпараттарды игеруі, туындаған мәселелерді шешімін табуға және оқушылармен ортақ тіл табыса алу қасиеттерінің қалыптасуы басты өзекті мәселе болып отыр.

Білім беру сипатталады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша Н.Н. Малофеева, Л.В. Занкова ғылыми зерттеулеріне назар аударатын болсақ, онда педагогикалық мамандық

арнайы педагогтың жоғары кәсіби білімін, білім беру, дамыту және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекетін білуді қажет ететін сәтті анықтай аламыз. А.А. Бодалев, В. В. Давыдов, Я.Л. Коломинский, Н. В. Кузьмина және т. б. өз еңбектерінде дефектолог-мұғалім мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық қарым-қатынас орната білуінің маңыздылығын көрсетеді [2] Жұмыс педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау, педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту, дарынды және тәжірибелі мамандарды кәсіпке тарту жүйесін жетілдіру бағыттары бойынша жүргізілетін болады [3]. Яғни педагог мәртебесін көтеру, оларды қайта даярлау мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Ал соның ішінде арнайы педагог маманның мәртебесі кенжелеп қалды, себебі педагогтарға әлеуметтік қолдау ерекше орында. Сонымен қатар ең төмен жалақының болуы, мамандар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасағандықтан еңбек демалысына көбірек бөлу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сонымен қатар елімізде арнайы педагог маманның тапшы болуында, себебі болашақ мамандарды дайындауда мемлекет тарапынан үлкен мән беріп қолға алды.

Арнайы педагог - әрдайым дерлік ерекше жан-жақты, белсенді, жігерлі, өз қызметінің сәтті нәтижесіне сенімді, мейірімді тұлға. Ол ерекше білім беруді қажет ететін адамның ролін адамгершілік бағалаумен Қазіргі таңда елімізде арнайы педагог мамандардың статусы кенжелеп отыр, себебі көбінде бұндай мамандықты біле бермейді, бұл қандай мамандық? немен айналысады? деген сұрақтар туындайды. Еліміздің жоғары оқу орындарында мамандық дайындауда бірқатар университеттерде дайындайды. Арнайы педагог маманның әлеуметтік статусын көтеру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналуға. Өкінішке орай ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны өсуде, осы тұлғалармен жұмыс жасайтын маман кадрларды дайындау, оларға жағдайлар жасауда бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар болашақ арнайы педагог мамандардың кәсіби сапасын, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Арнайы педагог маман кәсіби маңызды қасиеттері шыдамдылық, төзімділік болып табылады. Оның кәсіби қызметінің нәтижелері көбінесе оның жұмысының қолайлы нәтижесіне деген сенім оған күш-жігер мен одан әрі жұмыс істеуге шабыт береді. Арнайы педагог маманның маңызды кәсіби іс-әрекеті өз ісінің шебері болуында. Өкінішке қарай ауыл мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнайы білім беру өзекті мәселе себебі маман тапшылығында. Сонымен қатар арнайы білім беру мекемелер жоқ. Сондықтанда оларды жалпы білім беретін мектептерде білім алып, олармен жеке жұмыс жасау қиын болып отыр. Арнайы педагог жас мамандарды ауылға жұмылдырып оларға жағдай жасап беру арқылы балаларды қоғамға бейімдей аламыз. Ауылдарда көптеп кездесетін ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамға біріктіру, бейімдеу, оқыту, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу арнайы педагог маманның ерекше қасиеттерінің бірі болып саналады. Сондайақ ауылдадарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды емдеу сауықтыру орталықтар, сол орталықтарда жұмыс жасайтын арнайы мамандардың жоқ болуы үлкен мәселеге айналды.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлінің қалыптастырудың маңызы

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсатына орай келесідей зерттеу міндеттерін анықтадық:

1. Жұмыстың мәні мен құрылымын ашу және оның негізгі теориясына сипаттама.
2. Зерттеу жұмысымыздың әдістерін анықтау.

Қазіргі кезде арнайы педагог маманың әлеуметтік рөлі қоғамда кенжелеп қана қоймай қазақ тілді білім беретін мамандар тапшы. Себебі білікті кадрларды жетіспеушілігінен қоғамда үлкен мәселеге айналды. Естімейтін және нашар естейтін, көрмейтін және нашар көретіндер, сөйлеу бұзылыстары бар балалар, зияты зақымдалған, ерік жігер бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасайтын қазақ тілді арнайы мамандар тапшы. Елімізде жоғары оқу орындарын бітірген арнайы педагог мамандар өз

мамандығымен жұмыс жасамай басқа жұмысқа ауысып кетуіне байланысты, білікті кадрлардың жетіспеуінде. Сол себепті ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын мамандарды арнайы білім беру мекемелеріне тарту болып табылады. Оларға жағдай жасау әлеуметтік статусын көтеру, педагог мәртебесін арттыру.

Әдеби шолу.

Маманның қалыптасу процесі үшін ретінде оқытудың заманауи формаларын, жаңа білім беру технологияларын, балалардың әлеуметтік бейімделуін басқару принциптерін, мұғалімдердің білім беру кеңістігіндегі студенттермен тиімді қарым-қатынас жасауға жеке дайындығын зерттеуде бірқатар ғалымар өз еңбектерінде қарастырған[4].

Мұғалім оқушыға білім беру процесінде жеке тұлғада да, кәсіби қызметте де жоғары білім деңгейіне байланысты қатынастарды қамтиды. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы шеңберіне, педагогикалық қызмет "дамудың әлеуметтік жағдайының" ажырамас бөлігі, ол білімді беру жағдайында әлеуметтік өзара әрекеттесуге қатысушылардың жеке ерекшеліктерін әрдайым ескеру қажет деп санайды. Сонымен қатар, мұғалім-оқушы қарым-қатынасында оқушының оқытушыға эмоционалды реакциясы зерттеледі[5]. Л.С. Выготскийдің пайымдауынша арнайы педагог маман психикалық ерекше қасиеттерге ие болу керек, олар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасағандықтан педагогтардың ерік жігер сферасы қалыпты, шыдамды, төзімді қасиеттерге ие болу. Ғалымның зерттеуі бойынша болашақ арнайы педагог мамандарды оқыту білікті кадрларды дайындау, оларды ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тікелей жұмыс жасайтын болғандықтан күш жігер, ақыл қайрат, шыдамды, сабырлы психикалық қасиеттерінің болуында. Ол жай ғана педагог емес, арнайы педагог маман ол тек оқушыларға білім, тәрбие беріп ғана қоймай, оларды әлеуметтік ортаға қосу, бейімдеу қоғамда өз орнын яғни мамандық таңдауға баулуға жұмылдыру.

Арнайы педагог маманды даярлау жүйесіне психофизикалық дамуда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қарым-қатынас жасау қабілеті, яғни студенттерге тікелей қарым-қатынасты қамтитын және балалардағы жағымды эмоцияларды жандандыратын гуманистік немесе достық қарым-қатынасты дамыту. Демек болашақ арнайы педагогтарды дайындау барысында студенттерді балалармен жұмыс жасауға үйрету болып табылады. Олармен қарым-қатына жасауға және ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-анасымен тікелей байланы орнатып ортақ жұмыс жасау. Неғұрлым ата-анамен бірігіп жұмыс жасаса соғырлым жұмыс нәтижелі болды. Себебі үйде ата-анаға көмектесетін тұлғалар. XX ғасырдың басында дефектолог мұғалімге өзінің кәсіби қызметінде қажет жеке қасиеттерді зерттеуге бағытталған алғашқы эксперименттік жұмыстар пайда бола бастады. 1925 жылы А. С. Шафранованың зерттеуінде кәсіптердің жіктелуі құрылды, өнер мен ағартушылыққа жататын мамандықтар ерекше топқа бөлінді. Бұл тізімге ағартушы ретінде дефектолог - мұғалім мамандығы да кірді[6]. Арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлі дегеніміз – қоғамдағы әлеуметтік орны педагог өзінің бойында бірнеше рөл атқарады, оқушыға білім беру, тәрибелеу, түзету жұмыстарын жүргізу. Арнайы психолог, әлеуметтік педагог, логопед, ж.т.б мамандардың бірігіп жұмыс жасау нәтижесінде балаларда белгілі бір нәтиже болады. Бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау үлкен күрделі жүйе болғандықтан ұзақ уақытты қамтиды.

«Баланың психикалық даму деңгейі неғұрлым төмен болса, мұғалімнің білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек», - деп жазды XX ғасырдың басында белгілі неміс дефектологы[7]. Бұл жерде ғалымдардың айту бойынша баланың білім деңгейі және психикалық қасиеттері төмен болуында, педагогтың кәсіби білімінің жоғары болса, баламен жұмыс жасауы нәтижелі болады деп атап көрсеткен.

Қазіргі уақытта арнайы педагогтан көп нәрсе қажет-жоғары кәсіби деңгей, адамгершілік тәрбие, сөз шеберлігі, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнайы білім берудің теориясы мен практикасын білу, олардың психологиясы мен даму деңгейін білу. Аталған критерийлердің тек жоғары деңгейі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сауатты

және кәсіби түрде түзету көмегін көрсетуге және оларға қазіргі қоғамда сәтті бейімделуге көмектеседі [8].

Арнайы педагог маманның қасиеттердің бірі, балаларға деген сүйіспеншілік, басқаларды түсіну қабілеті. Сіз тек тыңдап қана қоймай, оларды да естуіңіз керек. Бұл ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты. Арнайы педагог маманның міндеттерінің бірі ата-анасымен бірге баланы білім, тәрбие беру емес, оны осы әлемде өмір сүруге үйрету, мейірімділік, өзіне деген сенімділік, өмірдегі өз орнын табуға көмектесу. Біз балаға осы әлемге сенімді қадаммен кіруге, оған қазіргі қоғамның, білімнің, медицинаның барлық мүмкіндіктерін көрсетуге көмектесуіміз керек. Сонымен қатар арнайы педагог маман балаларды әлеуметтік өмірге бейімдеу, оларды қоғамға біріктіруге ерекше орынға ие. Болашақ арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлі біздің қоғамда үлкен ерекше мәнге ие, ол тек ғана ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасап қоймай олармен түзету жұмыстарын қатар алып жүреді, оларды белгілі кәсіпке баулайды.

Зерттеу әдістері: Эксперимент үш кезеңнен тұрады: бақылау, анықтаушы, қалыптастырушы. Зерттеу барысында осы үш эксперимент кезеңдерін талқылай отырып, сипаттама беріледі. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлінің қалыптастырудың ерекшеліктері.

Эксперимент жұмысымыздың бақылау кезеңінде арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлін даму деңгейін анықтау үшін тексерілген, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес мынандай психодиагностикалық әдістемелерді қолдандық:

Эксперимент барысында келесідей әдістемелерді қолдандық. Т.Дембо-С.Я. Рубинштейннің «Мен қандаймын» [9]. С.Л.Рубинштейннің әдістемесі «Мақтаулар» жаттығуы [10], А.М.Прихожан 1998 [11]. «Суретті жобалау» әдістемелерін пайдаландық.

№ 1 Әдістеме

Бірінші анықтаушы экспериментке қолданылған әдістеме: «Мен қандаймын?». Әдістеменің авторы: Т. Дембо., С.Л.Рубинштейн әдістемесі 19ж.

Әдістеменің мақсаты: болашақ арнайы педагог маманның өзін өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау. Мақсатқа жету, ерік жігер, табандылық, өзін-өзгертуге деген қасиеттеріне жағымды баға беруді қалыптастыру. Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдірумен мінез- құлығына талдау жасау арқылы адекватты (қалыпты) өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға ықпал ету. Педагогтардың достарымен, тәрбиешімен ынтымақтастық орнатуына және маманның өзінің іс-әрекетіне бағалай білуге жағдай жасау.

Әдістеменің жүргізілу барысы: әдістеме бойынша топтық жұмыс жүргізіліп, нәтиже шығарылады. Рубинштейн әдістемесі бойынша өзіне сенімділігін бағалау. Студенттер өз қабілеттілігін, мүмкіндігін, мінезін т.б. қасиеттерін өзінше бағалайды. Жауап беруіне байланысты төмендегі бағалау критерийлеріне сүйене отырып, нәтижесін баллдық көрсеткіштермен бағаладық.

7-10 балл- тапсырма барысында бірден қарым-қатынасқа түсуді бастамайды.

4-6 балл- тапсырманы орындау нұсқасы басталғанда қарым-қатынасқа түсуге дайын болады. Тапсырмаларды дұрыс орындауға тырысады, уақыт-15-20 минут

0-3 балл- сыналушылар эксперимент жүргізушімен бірден қарым-қатынасқа түседі, тапсырманы орындау жылдам жүзеге асады.

Даму деңгейі туралы тұжырымдама:

7-10 балл-жоғары

4-6 балл-орташа

0-3 балл-төмен

Бағалау критерийі:

1. Берілген тапсырманы түсінді ме?

2. Берілген тапсырмаларды орындағанда дұрыс жауап берді ме?
3. Тапсырманы орындау барысында көмек көрсетілді ме? (көрсетілсе, қандай көмек түрі көрсетілді?)
4. Тапсырманы өзі орындады ма?
5. Тапсырманы орындау жылдамдығы? (берілген уақыт ішінде орындай алды ма?)

Әдістемесі бойынша оқушылардың көрсеткен нәтижелерін үш деңгейге бөліп қарастырдық:

Кесте .

№ 1 «Мен қандаймын?» әдістемесі бойынша деңгейлік критерий

Жоғары деңгей	7-10 балл	Берілген сұрақтарды толығымен түсініп, аса қызығушылықпен, жауапкершілікпен, белсенділікпен, ұқыптылықпен жауап берушілер.
Орташа деңгей	4-6 балл	Кездескен сұрақтарға түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналғандар;
Төмен деңгей	0-3 балл	Кездескен сұрақтарды түсінбей, жауап беруге қиналғандар.

№2 Әдістеме

Екінші әдістеме: «Мақтаулар».

Әдістемесінің мақсаты: әдістемесінің мақсаты жан-жақтылыққа үйрете отырып, өзінің қол жеткізген табыстарын саралауға, шығармашыл ойлауға бағыттау. Қоғамда өзін тәрбиелеу. Жаттығу әлеуметтік рөлін және ұжымда беделін жоғарылатуға көмектеседі.

Әдістеменің авторы: С.Л.Рубинштейн. 1990ж

Әдістеменің жүргізілу барысы: сыналушылар дөңгеленіп отырады. Әрбір карточка таратылады. Карточкаға «Бірде мен ...» деген сөзден басталатын жақсы іс-әрекеттер жазады. Мысалы: «Бірде мен мектептегі құрбыма көмек бердім», немесе «Бірде мен жауапкершілік жұмыстарды тез орындадым» т.с.с. Ойлануға 2-3 минут беріледі, содан кейін кезекпен өзінің жазған позитивтік әрекетін дауыстап оқиды. Әрбір сыналушы өзінің жазғандарын оқып болғаннан кейін, жүргізуші (ересек адам) осы айтылғандардың бәрінен ортақ бір пікірге келуге талпынады. Ал егерде өздері ортақ пікірге келуге талпынса, онда оларға міндетті түрде мүмкіндік беру керек. Қорытынды ретінде «әрбір адам қандайда бір талантқа ие болады, ал оны байқау үшін айналамыздағы адамдарға зейінмен, қамқорлықпен және мейірімділікпен қарауымыз қажет» деген сияқты әңгімелер жүргізуге болады.

Нәтижелерді бағалау:

7-10 балл- тапсырманы бірден орындауы кетті, уақыт -5 минут кетті

4-6балл-эксперимент жүргізушінің көмегі арқылы тапсырманы орындауы, уақыт-10-15 минут кетті

0-3 балл-тапсырманы мүлдем орындай алмауы уақыт-20-25 минут кетті

Даму деңгейі туралы тұжырымдама:

7-10 балл-жоғары

4-6 балл-орташа

0-3 балл-төмен

Кесте 2.

№ 2 «Мақтаулар» әдістемесі бойынша деңгейлік критерий

Жоғары деңгей	7-10 балл	Тапырмада берілген сұрақтарды толығымен
---------------	-----------	---

		түсініп, аса қызығушылықпен, жауапкершілікпен, белсенділікпен, ұқыптылықпен жауап берушілер;
Орташа деңгей	4-6 балл	Тапсырмада кездескен сұрақтарға түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналғандар;
Төмен деңгей	0-3 балл	Тапсырмада кездескен сұрақтарды мүлдем түсінбей, жауап беруге қиналғандар.

№3 Әдістеме

Үшінші әдістеме: «Суретті жобалау».

Әдістемесінің мақсаты: өзінің жете білушілігін, өзіне-өзі суреттеу қалпындағы, өзіне-өзі есеп беруді көрсетеді.

Әдістеменің авторы: А.М.Прихожан 1995

Әдістеменің жүргізілу барысы: «Әлеуметтік мәртебе» деген тақырыпта сурет салу тапсырылады. Суреттің парақ бетінде орналасуы. Суреттің қағаздың жоғары жағына жақын орналасуы өзін жоғары бағалаушылықты, ұжымдағы еркін жағдайға қанағаттанбаушылықты, айналасындағылар жағынан жеткіліксіз қызметтілікті білдіреді. Суреттің төменгі жағына жақын орналасуы өз-өзіне сенбеушілікті, өзін қоғамдағы орынын білдіреді. Егер сурет ортада бейнеленсе, онда қоғамдағы орны қалыпты түрде деп есептеуге болады.

Нәтижелерді бағалау:

7-10 балл- тапсырманы бірден орындауы, уақыт -5 минут кетті.

4-6балл-эксперимент жүргізушінің көмегі арқылы тапсырманы орындауы, уақыт-10-15 минут кетті.

0-3 балл-тапсырманы орташа орындай алуы, уақыт-20-25 минут кетті.

Даму деңгейі туралы тұжырымдама:

7-10 балл-жоғары

4-6 балл-орташа

0-3 балл-төмен

Кесте 3.

№ 3 «Суретті жобалау» әдістемесі бойынша деңгейлік критерий

Жоғары деңгей	7-10 балл	Тапсырмада берілген сұрақтарды толығымен түсініп, аса қызығушылықпен, жауапкершілікпен, белсенділікпен, ұқыптылықпен жауап берушілер.
Орташа деңгей	4-6 балл	Тапсырмада кездескен сұрақтарға түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналғандар.
Төмен деңгей	0-3 балл	Тапсырмада кездескен сұрақтарды мүлдем түсінбей, жауап беруге қиналғандар.

Суреттің сапасы төмендегі сандықтар бойынша бағаланады:

7-10 балл – шығармашылық қиял элементтері байқалады. Сурет белгілі бір эмоциялық әсерін тигізеді.

4-6 балл – белгілі суретті салып, қиялы әлсіз ғана байқалады. Бөліктері соншалықты жақсы нақтыланбаған.

0-3 балл – берілген уақыт суретті нақты салмады, тек жеке штрихтар мен сызықтардың ғана суретін салды.

Жоғары деңгей - берілген тапсырмаларды толығымен және өз бетімен дұрыс орындаған жатқызылды. Яғни тапсырманы жақсы түсінген, берілген уақыт ішінде орындай алған. Бұл деңгейдегі белсендіруші және эмоционалдық көмек түрлері ғана қолданылады.

Орташа деңгей - бұл деңгейге берілген тапсырмаларды орындауда бірнеше қателіктер жіберген, тапсырманы жартылай түсінбегендер жатқызылады. Бұл деңгейдегілер тапсырмаларды орындау кезінде аздаған көмек көрсетіледі.

Төмен деңгей – бұл деңгейге берілген тапсырмаларды орындауда көптеген қателіктер жіберген, жылдамдықтары баяу, эксперимент жүргізуші тарапынан көп көмек қажет еткен балалар жатқызылады.

Педагогикалық қырағылық-педагогтың баланың дамуындағы маңызды нәрсені бекіту қабілеті, әр баланың жеке басының қалыптасуындағы перспективаларды, динамиканы болжау қабілеті; педагогикалық оптимизм мұғалімнің күшіне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр баланың мүмкіндіктеріне, арнайы білім беру процесінің тиімділігіне деген терең сеніміне негізделген; кәсіптік оқыту мәдениеті-балалармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен дұрыс қарым - қатынасты ұйымдастыра білу; педагогикалық рефлексия-жасалған қадамдардың өзін-өзі талдауы, нәтижелерді бағалау, оларды мақсатқа байланыстыру(Ж.А. Жүсіпова2011). Жалпы педагог маман баламен тікелей жұмыс жасай отырып, баланың қандай қабілеттерін ашу керек екенін ұғына отырып, тәрбиелеп, білім бере отыра онымен түзету жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар педагог өзін-өзі желдіру, өзін-өзі бағалауы, имидж сапаларын қалыптастыру қабілеттерін дамыта білу. Жаңа педагогикалық технологияларды, жаңартылған білім мазмұмынын игеруі бүгінгі күннің болашақ педагогтарының бойындағы ерекше сапалары болуында. Баланың дамуында үлкен үлес тигізетін педагог, ата-ана, тәрбиешілердің бірігу нәтижесінде атқарылған жұмыс тиімді.

Кәсіби қызметін сапалы жүзеге асыру үшін арнайы мұғалім осы салада қажетті білім мен дағдыларға ие болып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар міндетті жеке қасиеттерге ие болуы. Көбінесе бұл баланың даму динамикасына оң әсер ететін мұғалімнің жеке қасиеттері. Сондықтан арнайы мұғалімнің басты қасиеттері - балаларға деген шексіз сүйіспеншілік және толық берілгендік. Кәсіби тізімде түзету білім беру мекемесінде өз қызметін жүзеге асыратын арнайы мұғалімнің келесі қасиеттері бөлінеді: жауапкершілік және ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеу мүмкіндігі. (Коржова Г.М., Байтурсынова А.А. 2003.).

Арнайы педагог маман өзінің кәсіби қызметінде тек дайын әдістермен және технологиялармен жұмыс істей біліп қана қоймай, түзету жұмысының мақсатына, баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне, оның бұзушылықтары мен ауытқуларының деңгейіне байланысты авторлық құқықты дамыта білуі керек. Шыдамдылық, жанашырлық, ерекше балаға және оның ата-анасына мейірімділік. Арнайы педагог баланың жас ерекшеліктеріне ескере отырып, білім беру кезінде қандай әдстерді пайдалану, баланың жас шамасына қарай оқу әдістемелік, арнайы бағдарламалармен жұмыс жасау, олардың мүмкіндіктеріне қарай түзету жұмыстарын жүйелеу, білім бере отырып тәрбиелеу, сабақ барысында ойын түрлерін қолдану, көрнекіліктердің ашық және түсінікті болуы. Баланың ойлау қабілетін дамытатын қолдың ұсақ моторикасын жаттығулар қолдану бұл оқушылардың есте сақтауын қалыптастыруда үлкен пайдасын тигізеді.

Ерекше балалармен жұмыс кезінде нәтижені бірден көру өте қиын, кейде оған ұзақ уақыт қол жеткізу керек, өйткені олар қалыпты балаларға қарағанда әлдеқайда қиын. Байқау мұғалім ерекше баланың дамуындағы ең кішкентай өзгерістерді де көре білуі тиіс. Аналитикалық қабілеттер-баланың жеке ерекшеліктерін, бұзылу деңгейін және қол жетімді мүмкіндіктерін ескере отырып, онымен жұмыс істеудің ең қолайлы әдістері мен құралдарын таңдау қабілеттерін қамтиды. Әдептілік-түзету мұғалімі ерекше балалармен

ғана емес, олардың ата-аналарымен де жұмыс істей білуі керек. Қарым-қатынас процесінде сөз тіркестерін дұрыс таңдап, болжамдарда абай болу қажет. (Қ.Ү. Шайжанова 2014). Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде арнайы педагог ең алдымен баланың іс-әрекетін байқаймыз анықтаймыз, бала не нәрсеге қызығады, қандай пәндерді жақсы көреді, достары кімдер, қандай әңгімелер қызықтырады. Содан соң ақырындап тікелей баламен қарым-қатынас жасау, әңгімелесі, ойындар ойнату, баламен жіне ата-аналармен ортақ тіл табысу.

Сонымен қатар, арнайы педагог маманның келесі ішкі қасиеттері ерекшеленеді: педагогикалық бағдарлау – бұл ерекше балалармен жұмыс істеуге, кәсіби қызығушылықтар мен жеке қасиеттерге, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі тануға психологиялық көзқарастар жиынтығы болып табылатын мұғалімнің жеке басының ұжымдық қасиеті. Эмпатия баланың тәжірибесіне эмоционалды түрде жауап беру, өзара әрекеттесу процесінде оған жанашырлық таныту. Педагогикалық әдептілік-өзін белгіленген шеңберде ұстау, кез-келген жағдайда өзінің қадір-қасиетін сақтау, әріптестерінің, балалар мен ата-аналардың сезімдерін кемсітпеу және бұзбау мүмкіндігі. Арнайы педагог маманның мәдениеттілік сапасы, ол қандай бала болмасын онымен өзін мәдениетті ұстауы, өз кәсібінің білікті иесі. Арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлі тек арнайы білім беру жүйесінде ғана емес, қазіргі кезде жалпы білім беру жүйесіндегі ерекше орынға ие, себебі елімізде соңғы кездері инклюзивті білім беру (біріктіру) жүйесі қолға алына бастады, яғни ерекше білім беруді қажет ететін балалармен және қалыпты балалармен біріктіріп білім беру. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы педагог, логопед мамандар мектеп педагогтарымен тығыз жұмыс жасауда. Сыныптарда бір немесе екі, үш ерекше білімді қажет ететін оқушылар отырады. Сонымен қатар тьютор мамандар оқушылармен тікелей қарым-қатынаста болады, себебі ол балалардың категориялар әртүрлі, олар тез шаршап сабақты игере алмай қалады. Оқушыларға арнайы жеке жұмыстар жүргізіледі, себебі балалар жалпы білім беретін бағдарламаны игере алмайды, оларға жас ерекшелігіне байланысты арнайы бағдарламалар болады. Осы оқушылармен тікелей жұмыс жүргізу бұл арнайы педагог маманның міндеті. Сынып жетекшімен бірлесе отырып қандай түзету жұмыстарын жүргізу керек, білім беру бағдарламаларды талқылау, талдау. Сонымен қатар арнайы педагог әр оқушымен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен және оқу орнының әкімшілігімен де қарым-қатынасты сауатты құра білу, дұрыс қарым-қатынас орнату. Бұл сапа қасиеттер арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлінің негізгі ерекшеліктері болып саналады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау.

Арнайы педагог маманның кәсіби қызметі дәстүрлі мұғалімдердің іс-әрекетінен тыс, әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, кеңес беру - диагностикалық, психотерапиялық, түзету қызметтің әртүрлі түрлерімен тығыз байланысты және бір мақсатқа бағытталған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға, оның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы білім беру арқылы интеграциялануына көмектесу. Баланың мүмкіндіктерін ескере отырып оңалту, түзету, білім беру, тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу нәтижелі болса баланың қоғамға біріктіу тиімді болып табылады. Арнайы педагог мамандар өз ішінде бөлінетін салалары бар, олар олигофренопедагог маман яғни зияты зақымдалған (ақыл-ойы) оқушылармен, сурдопедагог маман естімейтін және нашар естейтін балалармен, логопедия бұл сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар және тифлопедагог мамандар көрмейтін және нашар көретін балалармен жұмыстар жүргізу, оларға білім беру, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу, оларды қоғамға бейімдеу.

Әлемдегі, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамның рөлін адамгершілік бағалаумен сипатталады. Мұғалім өзінің мінез-құлқын үнемі есте ұстауы керек, өйткені оның эмоционалды жағдайы оқушылардың әл-ауқатына, олардың жеке және интеллектуалдық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Тұлға-саналы қызметтің субъектісі болып табылатын, қоғамдық өмірде жүзеге асыратын әлеуметтік маңызды

белгілердің, қасиеттер мен қасиеттердің жиынтығына ие адам. Арнайы педагог әрдайым ерекше жан-жақты, белсенді, жігерлі, өз қызметінің сәтті нәтижесіне сенімді, мейірімді және әдепті тұлға. Ол қазіргі әлемдегі, оның ішінде өмірлік ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың рөлін адамгершілік бағалаумен сипатталады.


Педагогикалық эксперимент біз зерттеудің басында негізделген гипотезаның дұрыстығын ғылыми объективті және дәлелді тексеруді қамтамасыз ететін зерттеу әдістерінің кешені ретінде қарастырамыз.

Біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, сондай-ақ таңдап алынған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде, біз арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлін анықтау үшін аудиторияның педагог тұлғасына қоятын талаптарын білу қажеттігін анықтадық.

Осыған байланысты студенттердің шығармаларының контент-талдауының нәтижелері үлкен қызығушылық тудырады: Студенттер "Арнайы педагог тұлғасы" туралы эссе жазды. Эссе оқытушының стереотипін зерттеуге, яғни арнайы педагог қандай болу керектігін және нақты оқытушы бейнесін анықтауға бағытталған. Арнайы педагог тұлғасы оның кәсіби құзыретін анықтадық. Кәсіби құзыреттілік – бұл маманның жеке басының интегративті сапасы, оның ішінде білім, білік және дағдылар жүйесі, типтік мәселелерді шешудің жалпыланған әдістері. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке тұлғаның әртүрлі қасиеттеріне байланысты, оның негізгі көзі оқыту және субъективті тәжірибе болып табылады. Кәсіби құзыреттілік үнемі жетілдіруге, жаңа білім, дағдыларды игеруге және Қызметті байытуға деген ұмтылыспен сипатталады. Құзыреттіліктің психологиялық негізі өз біліктілігін үнемі арттыруға, кәсіби дамуға дайын болу.

Анықтаушы кезеңдерінің нәтижелерін салыстыру эксперименталды жұмыс арнайы педагогтың әлеуметтік рөлінің барлық көрсеткіштері бойынша оң нәтижелердің орнықтылығын және сәтті динамикасын айқын көрсетеді

Т.Дембо мен С.Л.Рубинштейннің «Мен қандаймын?» әдістемесі бойынша деңгейлік көрсеткіші – орташа. Тапсырманы орындау барысында бірқатар қиыншылықтармен кездесті, эксперимент жүргізуші тарапынан көмекке жүгінді. Бұны төменде көрсетілген суреттен (Сурет 1) байқауымызға болады.



Сурет 1. Суретте көріп тұрғандандарыңыздай 33 % көрсеткіш тапсырманы орындауда жоғары пайызды көрсеткен, 45% орташа, 22% төмен пайызды көрсеткен балалар. Әдістемені жүргізу барысында эксперимент жүргізуші тарапынан педагогикалық көмек көрсетілді. Біз мұнда тапсырманы орташа деңгейде орындағанын көре аламыз.


Жоғары деңгейі бойынша 33 % бұнда тапсырмада берілген сұрақтарды толығымен түсініп, аса қызығушылықпен, жауапкершілікпен, жауап берді, көпшілігі өзін-өзі

көтеріңкі бағалайтынын көреміз.

Орташа деңгейі 45% бойынша. Тапсырмада кездескен сұрақтарға түсініп, бірақ өз ойын жеткізе алмай, өзіне сенімді болмай қиналды. Педагогикалық көмек көрсетілді.


Төмен деңгейі 22% өзін-өзі бағалауы төмен. Бірнеше сұрақтар қойғанымызда, орташа, мықты деп айтуға болатынын түсінбеген олар, жауап беруге қиналды. Бірінші әдістеме бойынша нәтижесінде өзін-өзі бағалауының біршама айырмашылығы байқалды. Кесте бойынша көрсетілген оқушылардың өзін-өзі бағалауындағы айырмашылықтарын білдіретін нәтижелерді сипаттайық. Біз оқытудың табыстылығы мен зерттеу барысында алынған өзін-өзі бағалаудың нәтижесін салыстыра отырып, оқу әрекетінің нәтижесін артық бағалайтынын көреміз.

2ші әдістеме бойынша С.Л.Рубинштейннің «Мақтаулар» әдістемесі бойынша пайыздық (%) көрсеткіштері



Сурет 2. Суретте көріп тұрғандарыңыздай 22% көрсеткіш, тапсырманы орындауда жоғары пайызды көрсеткендер 45%, орташа пайызды көрсеткен, 33% төмен пайызды көрсеткендер. Тестке берген жауаптары бойынша эксперимент жүргізіші тарапынан педагогикалық көмек көрсетілді. Біз мұнда тапсырманы төмен деңгейде орындағанын көре аламыз. Қоғамда өзін тәрбиелеу. Әлеуметтік рөлін және ұжымда беделіміз мықты деп айтуға болатынын түсінбеген олар, жауап беруге қиналды. Дәл жауап бермеді. Зерттеу барысында алынған нәтижесімен салыстыра отырып, оқудың ұжымда беделін жоғарылатуға табыстылығы ерекшелігіне ықпал ететінін көреміз.

3ші әдістеме бойынша А.М.Прихожанның «Суретті жобалау» әдістемесі бойынша жоғарғы өзінің жете білушілігін орташа деңгейде. Эксперимент жүргізу кезінде ешқандай қиындықтар кездеспеді, тапсырманы өз бетімен жылдам орындады. Бұны төменде көрсетілген суреттен (Сурет 3) байқауымызға болады.



Сурет 3 А.М.Прихожанның «Суретті жобалау» әдістемесі бойынша салыстырмалы түрдегі пайыздық (%) көрсеткіштері.

Суретте көріп тұрған 22% көрсеткіш, тапсырманы орындауда жоғарғы деңгейді көрсеткен, орташа деңгейдегі 56% көрсеткішке ие, ал қалған 22% көрсеткішті төмен деңгейде көрсетті. Біз мұнда тапсырманы көбі жақсы орындай алғанын көреміз.

Жоғары деңгейде 56% тапсырмада берілген сұрақтарды толығымен түсініп, аса қызығушылықпен, жауапкершілікпен, белсенділікпен, жауап берді. Өзінің жете білушілік қабілеттерін, әлеуметтік мәртебесіне көңілі толып және қателік, ағаттықтарын елемеуге бейім. Өздерінің құрдастарымен қарым қатынасында олар өздерінің беделін асырып отырады. Мұндағы басты себеп - өзі туралы көріністі сүйкімді, «мейірімді маман» деп қолдау.

Орташа деңгейде 22%, өз ісіне қанағаттанарлықсыз. Мінез қылық деңгейінде олар өз бетінше дербестігімен ерекшелінеді, олар жалғыз қалған жағдайларда оңай қабылдайды. Жетекші мотивация нақты анықталмайды. Өзіндік мүмкіндіктері туралы көріністерін төмен жаққа бұрмалап, жеке бастың дамуындағы жағымсыз жеке нұсқаға айналуы мүмкін.

Төмен деңгейде 22%, тапсырмада кездескен сұрақтарды мүлдем түсінбеді олар өзіндік жағым деңгейі басқа қарағанда төмен екендігі көрсетіледі. Педагогикалық көмек көрсетілді. Әлеуметтік бедел табыстылығына кері әсер ететін үміттену деңгейінің төмендігі атап көрсетіледі.

Кесте 4...Арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлі қалыптасуының деңгейлерінің өзгеру динамикасы когнитивтік компоненті бойынша кезеңдері

Деңгейлері	БТ		ЭТ	
	Экспер.дейін	Экспер.кейін	Экспер.дейін	Экспер.кейін
Жоғары	8,5	9,4	9,5	24,2
Орта	15,2	53,1	50,2	70,5
Төмен	25,4	37,5	59,6	5,3

Кесте 5. Арнайы педагог маманның әлеуметтік рөлі қалыптасуының деңгейлерінің өзгеру динамикасы эмоциялық компоненті бойынша кезеңдері

Деңгейлері	БТ		ЭТ	
	Экспер.дейін	Экспер.кейін	Экспер.дейін	Экспер.кейін
Жоғары	12,4	10,8	9,1	26,3
Орта	49,3	47,9	37,5	66,6
Төмен	38,3	41,3	49,5	7,1

Кесте .6. Арнайы педагог маманның әлеуметтік ролі қалыптасуының деңгейлерінің өзгеру динамикасы мінез-құлық компоненті бойынша кезеңдері

Деңгейлері	БТ		ЭТ	
	Экспер.дейін	Экспер.кейін	Экспер.дейін	Экспер.кейін
Жоғары	9,7	16,2	14,7	24,7
Орта	38,5	55,2	40,2	40,2
Төмен	50,2	58,2	60	38,8

Осылайша, алынған нәтижелер арнайы педагог маманның әлеуметтік ролінің мүмкіндіктері мен ресурстарын іске асырғаннан кейін санының артуы байқалатынын көрсетеді.

Сонымен, эксперименталды жұмыс нәтижелері арнайы педагог маманның қалыптастырушы моделін енгізу контекстінде қалыптастыру мақсатында іске асырудың тиімділігін дәлелдейді, бұл зерттелетін құбылыстың негізгі көрсеткіштерінің қалыптасуының оң нәтижелерімен расталады

Қорытынды

Сонымен, эксперименталды жұмыс нәтижелері арнайы педагог маманның қоғамдағы ролі тиімділігін дәлелдейді, бұл зерттелетін құбылыстың негізгі көрсеткіштерінің қалыптасуының оң нәтижелерімен расталады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың келесі бақылаушылық-диагностикалық кезеңінде, сыналушылар айқындаушы экспериментте қолданылған әдістемелер арқылы зерттелді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерін талдау, эксперименттік топтағы сыналушыларында бақылау тобындағы сыналушылармен салыстырғанда әлеуметтік ролінің көрсеткіштері айтарлықтай өзгергенін байқатады.

Эксперименттік топтағы сыналушыларды эксперименттің бастапқы кезеңіндегіге қарағанда орташа көрсеткіштері жоғарылағаны, ал бақылау тобындағы сыналушылардың көрсеткіштері аса өзгермегені байқалады.

Ұсыныстар:

1. ЖОО тәрбие кеңістігі жағдайында арнайы педагог маманның әлеуметтік ролінің қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шараларға жұмылдыру.
2. Практикалық ақпараттық-таныстыру семинарларын, оқытушылармен видеороликтер, мастер-класстар, тәжірибелі педагог, дефектологтармен дөңгелек үстел өткізу;
3. Арнайы педагог маманның әлеуметтік ролінің қалыптастырушы қызметін ұйымдастыруға теріс әсер ететін проблемалық салаларды түзету мақсатында оқытушылардың, педагогтар мен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын кеңейту; зерттеу проблемасы бойынша оң тәжірибені жинақтау және ұйымдастыру-әдістемелік әзірлемелерді тарату, білім беру ұйымында студенттің қоғамдағы ролін қалыптастыру үдерісін нәтижелі ұйымдастыру саласында жаңа идеялар ауқымын кеңейту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Praliev S.J., Namazbaeva J.I., Karakýlova Z.Sh., Sadykova A.B. *Psichologicheskie osnovy razvitiya tvorcheskoi intellektýalnoi lichnosti v obrazovatelnoi srede.* // Almaty, «Ulagat, 2012.- 232s.
2. Klimov E.A. *Pýti v professionalizm.* // *Úchebnoe posobie.* M., Moskovsku psichologo-sotsialnyy institút. Flita, 2003. — 230 s.

3. Qazaqstan Respyblikasynyń Prezidenti Q.TOQAEV Nur-Sultan, Aqorda, 2019 jylgy 27 jeltoqsan №293 -VI QRZ QR “Pedagog mártebesi týraly” Zańy
4. Spetsialnaia pedagogika / L.I. Aksenova, B.A. Arhip, L.I. Beliakova i dr.; pod red. N.M. Nazarovoi. – M.: Akademiia, 2000.
5. Vygotsku L. S. Istorua razvitua vysshih psihicheskikh fýnktsu // Sobr. soch.: V 6-ti t. T. 3. - M.: Pedagogika, 1983. S. 5-328
6. Iarygin O.N. Opredelenie kompetentnostnyh poniatu cherez ih vzaimodeistvie // Vestnik Cherepovetskogo gosýdarstvennogo ýniversiteta. - 2011. - №3 (31) - S.108-112.
7. Kognitivnaia psihologua / Djon R. Anderson; [Per. s angl. S. Komarov]. - 5. izd. - M.2002. - 492 s
8. Malofeev N.N. «Spetsialnoe obrazovanie v Rossu i za rýbejom». M., 2013.
9. Ianshin P.V. Klinicheskua psihodiagnostika lichnosti. Ýchebno-metodicheskoe posobie. 2-e izd., ispr. – SPb.: Rech, 2007. – 320 s.
10. Rýbinshtein S.Ia. Eksperimentalnye metodiki patopsihologu i opyt ih primenenua (prakticheskoe rýkovodstvo). Ternopol, 2004. 168 s.
11. Prihojan A. M. Primenenie metodov priamogo otsenivanua v rabote shkolnogo psihologa / Naýchno-metodicheskie osnovy ispolzovanua v shkolnoi psihologicheskoi slýjbe konkretnyh psihodiagnosticheskikh metodik: Sb. naýchn. tr. / Redkol.: I. V. Dýbrovina (otv.red.) i dr. — M.: izd. APN SSSR, 1988.